

2015 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 12 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 мамырда № 4995 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оған қажетті сараптамаларды жүргізуді, концессиялық жобаларды консультациялық қолдауды қаржыландыру "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылға арналған 003 "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу" бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың Тізбесі б е к і т і л с і н .

2. "Бюджеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 874 қаулысы күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4935 санымен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылдың 14 сәуірінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н. Н. Г о д у н о в а ға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы 13 мамырдағы
№ 12 қаулысымен бекітілген

Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын

әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оған қажетті сараптамаларды жүргізуді, концессиялық жобаларды консультациялық қолдауды қаржыландыру " Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылға арналған 003 "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу" бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың Тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 08.12.2015 № 253 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Жобаның атауы	Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу көлемі, мың теңге	Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу көлемі, мың теңге	Концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу көлемі, мың теңге	Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру көлемі, мың теңге
1	2	3	4	5	6
	"Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі				
1	Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлердің инженерлік жүйелерін қайта жаңғырту. Ыстық сумен қамтудың ашық жүйесі	44 256			
2	Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы газ тарату желілерінің құрылысы	45 639			
3	Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын	96 700			

	жылу мен жабдықтау				
4	Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын электрмен қамту	36 990			
"Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда бекетінен 8 шақырым қашықтықтағы Қызылорда қаласы Титов қыстағындағы индустриялық аймақтық темір жол түйығының құрылысы	8 931			
2	Қызылорда қаласындағы "Қорқыт Ата" әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу				11 536
"Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы 200 орындық жатақханасы бар 600 орынға арналған кәсіптік-техникалық лицей құрылысы				21 794
2	Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру				15 836
"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда қаласындағы 500 келушіге арналған емхана құрылысы				21 794
"Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі					
1	Қызылорда қаласында машина жасау зауытын құру	938			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК